"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Шаруашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 18 тамыз N 1185

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Шаруашылық басқармасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі (бұдан әрі - Уәкілетті орган) Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын орган болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің қызметтік ғимараттарын пайдалану мен шаруашылық қызмет көрсетуге байланысты қызметті жүзеге асыру - Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы болып табылады деп белгіленсін .

4. Уәкілетті орган заңдарда белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде:

1) Кәсіпорынның жарғысын бекітсін;

2) Кәсіпорынның жарғылық капиталын қалыптастырсын;

3) Кәсіпорынның әділет органдарына мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796қаулысымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК